

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ						
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)						
Топ/сынып	Ересек топ					
Тобы, топтың реттік саны, атауы						
Балалардың жасы	4 жасар балалар					
Педагогтің аты- жөні						
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	01, 03.07. - 07.07.2023ж.					
Апта күндері	Сенбі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі						
Балаларды	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу					

қабылдау	және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Ойыншықтарды жөндеу". Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтарды жөндеуге тарту; ойыншықтарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Ойыншықтарды орындарына жинау". Мақсат-міндеттер: өз бетінше топ ішіндегі тазалықты біліктіліктерін жетілдіру. Топтың тазалығын реттеу (ойыншықтарды, құрылыс материалдарын жинау). Эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу, еңбекке баулу. (еңбек дағдылары)	"Өсімдіктердің жапырақтарын сүрту". Мақсат-міндеттер: жапыраққа қолды батырмай, дымқыл шүберекпен ұқыпты сүрту, гүлдерді аялауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)		
	"Домино"	"Адымдар"	"Сөз мағынасы"	"Не (кім) қалай		

	дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім	дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілді дамыту. Сипаттау: екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Олардың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі. Әртүрлі тақырыптарды қолдануға болады, қажет сөзді атап, адым жасауға болады. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ, жеңіске жетеді. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) "Қызғалдақтай	ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: өз ойын нақты жеткізуге, заттың ерекшелігін сипаттай отырып, оның қолданылуының негізгі түрін көрсете білуге үйрету. Балаға сөздің мағынасын түсіндіруді ұсыну: "велосипед", "пышақ", "қалпақ", "доп", "хат", "қолшатыр", "жастық", "шеге", "есек", "гауһартас", "біріктіру", "күрек", "қылыш", "ыңғайсыздық", "ержүрек", "батыр", "өлең"	қимылдайды?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. Құрт - жорғалайды. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.		
--	--	---	---	--	--	--

	бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (танымдық дағдылар) "Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін	саусақтар" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Қызғалдақтай саусақтар, Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату) Бір - саусақ, қызғалдақ, Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру) Үш, төрт, бес саусақ, Барлығы да	және т. б.. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) "Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сең едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін. Жау, жау, жаңбыр, тағы да,	Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)		
--	--	---	---	--	--	--

	суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр) Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан	қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру) Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау) Шапалақ қақ, (Шапалақтау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	Дала, тауға көрік бер. менің еккен бағымда, Өссін жүзім, өріктер. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Бақшада ма, бақта ма?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: түрлі жидектер жайлы білімдерін бекіту, сөздік қорларын кеңейту, зейіндерін дамыту. Сипаттау. Әр бала, кез-келген жидектің жартысы бейнеленген	Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді". Мақсат-міндеттер: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру. Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер. Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау)		
--	--	---	--	--	--	--

	кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады. Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су		суретті таңдайды және суреттейді, екінші жартысы ұстаған бала шешуін тауып, өзіне алады, егер қарсыласы таппаса, онда карточка өзінде қалады. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю) Мұнда әсем түймедақ, (""Түймедақ"" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды) Жайқалып тұр, тамаша, Көбелек пен аралар (""Аралар"" мен ""көбелектер"" жәндіктерді келтіреді) Гүлге қонды, жарыса! Шөп арасын қарасаң, Бүлдірген бар қызарған. (""Бүлдіргендер"" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын		
--	--	--	--	---	--	--

	салмақты қосады). (			шайқайды) Жасырынып жатқаны, Көзге түспей, тәп- тәтті! Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады) Теріп салам себетке. Кіп-кішкене, моншақтай, Әсер етер тәбетке. Аударған А. Көкенова. (көркем әдебиет)		
Таңертеңгі жаттығу	Оятуға қуанышты, эмоционалды жағдай орнату, ағзаның барлық мүшелері мен жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін дамыту. Кешенді жаттығу. Ал балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып,					

	Бір отырып, бір тұрып, Ұйқымызды ашайық. (дене шынықтыру)					
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Қолды көбік пайда болғанша сабындау, мұқият шаю, құрғақ етіп сүрту дағдыларын пысықтау. <i>Көркем сөз</i> Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Жидектер жинау" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: түстерді (жасыл, қызыл) қабылдауды, ұсынылған түстердің аталуын ажырату және сөйлеу кезінде қолдану біліктіліктерін дамыту.	Әңгімелесу: "Бау мен бақша". Мақсат-міндеттер: бау және бақша өсімдіктері жайлы қарапайым ұғымдарын қалыптастыру; бау-бақшадағы мезгілдік жұмыстар жайлы түсініктерін қалыптастыру; еңбекке баулу.	Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым".	"Жаз" тақырыбы бойынша иллюстрацияларды қарастыру. Мақсат-міндеттер: жаз мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістер жайлы түсініктерін кеңейту, жазғы табиғат сұлулығына деген жағымды-		

	(қоршаған ортамен таныстыру)	(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". (қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)	эмоционалды қарым-қатынас қалыптастыру. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу Ы. Алтынсарин "Аурудан аяған күштірек" (әңгімесін оқу, мазмұны бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Балаларды өмірдің әртүрлі жағдайларында саналы әрекет	Математика негіздерінен ойын-жаттығу «Лунтик пен оның достарының саяхаты» Мақсат-міндеттер: Санақ негізінде екі топ заттардың теңдігі мен теңсіздігі туралы білімдерін бекіту; 5 шегінде санау қабілетін қалыптастыру;	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Ертегідегідей гжель" Мақсаты: "Ертегідегідей Гжель" тақырыптарында балалардың сөздік қорын дамыту. Балаларды ермексазбен дәстүрлі емес тәсілдермен жұмыс істеуді	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жидектер" Мақсат-міндеттер: Балалардың жидектер туралы, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсу орындары туралы, олардың түрлерімен, адам өміріндегі		

	жасауға үйрету; анаға деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу, орын алған жағдайларды бағалай білуге дағдыландыру; өзіне және өз күшіне сену қасиеттерін дамыту; анасына деген құрмет сезімге тәрбиелеу.	зейін мен есте сақтауды дамыту; ұқыптылыққа, зейінділікке тәрбиелеу. Музыкадан ойын-жаттығу "Маусымжан" Мақсат-міндеттер: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды	үйретуді жалғастыру; ұсақ қол маторикасын дамыту; өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту; тегістеу, кесектен үзіп алу; гжель ыдысы, ертеде, қолөнер шеберлері, т.б. <i>«Ыдысты құрастыр» ойыны.</i> Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Құлпынайдан жасалған тосап" Мақсат-міндеттер: Балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету; балаларда сапта бір-бірден аяқтың ұшымен жүру; аяқтың	пайдасымен таныстыру; жидектер мен олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту, "жидектер" туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.		
--	---	---	--	---	--	--

		қабылдаудың тұтастығын дамыту.	ұшымен жүгіру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы құрсауларды домалату іскерліктерін жетілдіру.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)					
Серуен	Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: құмырсқалармен олардың тіршілігімен, олардың басқа тіршілік иелеріне	Мезгілдік өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінде өсімдіктер мен жан-жануарлардың	Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды табиғат құбылысы-жаңбырмен таныстыруды	Инелікті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: инелік жәндәгәне деген қызығушылықты ояту; инеліктің сыртқы пішінін		

	тигізетін пайдасымен таныстыруды жалғастыру; танымдық әрекеттерін белсендету, бақылауға деген тұрақты қызығушылықты дамыту. "Құмырсқа". Қаламайды құмырсқа Қаңғыруды, билеуді. Тыным алмай, ырысқа Толтырады илеуді. Тапқан затты ауыр боп, Түссе бірі әлекке, Қауымдасқан бауыр кеп, Келеді тез көмекке. Ауыртпалық	тіршілігіндегі өзгерістерді анықтауды дағдыландыру; жазғы ауа-райы жайлы түсініктерін кеңейту. Көркем сөз. "Жазғы сурет". Артымнан айтуғандай, Алдымнан күн. Түнде жұлдыз күлімдеп, Қағады ым. Мөлдір бұлақ, Сырлы өзен суы тұнық Кенет сылдыр етет те, Болады жым... Аппақ болып көсіліп, Бұйраланып, Бұрқ-сарқ ағып, көпіріп Жатар жайқын.	жалғастыру. Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне тигізетін ықпалы жайлы айту. Балаларды сөйлеу барысында жаңбырды сипаттайтын сын есімдерді қолдануды үйрету. Балалармен жазғы жаңбырды бақылау. "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны	байқап, қимылын бақылап, өзге жәндіктерден ажыратуға дағдыландыру. Ұшағым бар кіші, Мінбейді еш кісі. (Инелік) Педагог балалардан инеліктің қандай көлік түріне ұқсастығы бар екендігін сұрайды. Инеліктің қимылына қарап, адам тікұшақты ойлап тауып, құрастырғанын айту. Инеліктің батыл, шапшаң жәндік екендігін түсіндіру. Балаларға Б. Житковтің "Батыл үйрек" әңгімесін		
--	---	---	--	--	--	--

	көрмедім Олар алып жықпайтын. Қиындық аз дер едім Түбі жеңіп шықпайтын. Неге? Айтсақ дұрысын: Демей ұсақ, ірісің, Бірі істейді бәрі үші, Бәрі істейді бірі үшін! Қ. Мырзалиев. Еңбек әрекетін: ойын алаңын жинау. Мақсат-міндеттер: балаларда қалыптастыру; тәртіпке саналы қарым-қатынасты, тазалық кезінде бастама мен дербестікті ынталандыру. "Аңшылар мен	Мөлдір судан бетімді Көрейін деп, Үңіледі өзенге, Шыңырау - шың. Ж. Саин. Еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерді суару. Мақсаты: балаларды үйрету сәйкес еңбек әрекетін дамыту. "Ормандағы аюда" қимыл- қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір- біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге	жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс- тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс- тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) Еңбек әрекеті: берілген тапсырманы ересектермен бірігіп орындау, гүлзардағы гүлдерді түптеу. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс	мазмұндап беруге болады. Еңбек әрекеті: ойын алаңын ұсақ қураған бұтақтар мен жапырақтардан жинау. Мақсат-міндеттер: өз ойын аумақтарын жинау барысында жабындыны ретке келтіру, тазалық жүргізу құрылдарын ұқыпты қолдану, қауіпсіздік техникасын сақтау сияқты бастамаларды ынталандыру. "Инеліктің әні" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ырғақты, мәнерлі	
--	---	---	---	---	--

	қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды"	дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (өз қалауы немесе санамақ бойынша таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен.	жасауға, қойылған мақсатқа ортақ күш-жігермен жетуге баулу. "Тым-тырақай" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың ролін атқаратын	сөйлеуді дамыту; қимыл-қозғалыс координациясын жетілдіру. "Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі бағытта жалтарып жүгіруде жаттығу, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді,		
--	---	--	---	--	--	--

	сомдайды. Педагог ойынды бастайды: - Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана.	Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақша болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды,	болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. "Затты жылдам ал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене	ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңынан балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. "Кім жылдам?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды алаңда әртүрлі бағытта жүгіруді, жылдамдықты үдетуді үйрету, белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін бекіту;	
--	---	---	---	--	--

	Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.	жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. "Өз түсінді ізде" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: түс пен пішінді көру арқылы қабылдауды дамыту; түстерді жылдам атап, белгілі қимылдарды орындауға; есте сақтау мен зейінді дамыту. Балалар белгілі пішінді көрген кезде негізгі қимылдардың бірін орындайды (алға екі аяқпен секіру; бір аяқпен секіру, аяқты жоғары көтеріп	шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңбер бойымен жүруді, жүгіруді, би қимылдарын орындауды, белгі бойынша әрекет етуді үйрету; ептілікті, жылдамдықты дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, аттап жүру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсаты:	жылдамдылықты, ептілікті дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту. Мақсат-міндеттер: жүгіру кезіндегі жылдамдыққа жаттықтыру.		
--	--	--	--	--	--	--

	Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. "Жидектер жинаймыз" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: түстерді (жасыл, қызыл) қабылдауды үйрету; ұсынылған түстерді ажырату және сөйлеу барысында атауларын қолдану біліктіліктерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-	жүру, т.б.). Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар; "Допты тап" қимыл-қозғалысты дамыту ойыны. Мақсат-міндеттер: байқампаздықты дамыту. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр	қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.			
--	---	---	--	--	--	--

	қозғалысты дамыту. "Алысқа секір". Мақсат-міндеттер: ұзындыққа секіруді жетілдіру.	аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөленедер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттер:				
--	--	---	--	--	--	--

		қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.				
Серуеннен оралу	Далаға киген киім-кешектері мен аяқ киімдерін тазалау біліктіліктерін бекіту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.					
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Қолды көбік пайда болғанша сабындау, мұқият шаю, құрғақ етіп сүрту дағдыларын пысықтау. <i>Көркем сөз</i> Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)					
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.					
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Шынығу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүру. Көзге арналған жаттығу. (дене шынықтыру)					

Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Компот немесе тосап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: жемістер мен жидектерді ажыратып, өсу орнын анықтау біліктіліктерін дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын "Театр". Мақсат-міндеттер: балаларды өзіне жүктелген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалар арасындағы достық қарым-	"Ғажайып қап" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір бұйымдар жайлы түсініктерін бекіту; байланыстыра сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту, зейіндерін тұрақтандыру. Жүргізуші балалардың алдына қап қояды. Ойыншылар қапқа қолдарын салып, сипап сезу арқылы затты анықтау керек. Кейін затты сипаттап, неден	"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: жалпылама сөздер "Жидектер", "Жемістер" жайлы түсініктерін бекіту. Сөздік қорларын молайту. Барысы. Балалардың алдына бақшаның, ағаштың, бұталардың, макеті қойылады. Бала бір жемісті немесе жидекті таңдайды, оны сипаттайды және сәйкес ағашқа,	"Түлкі, қоян және әтеш" үстел үсті театры . Мақсат-міндеттер: сөйлеу тілі мен тілдік қарым-қатынасты дамыту. Ертегі мазмұндауына қосылу. Дыбысты нақты дыбыстау. Рөлдерге бөлу барысында балалар өзара келісіп, бір-біріне шыдамдылық және сыйластық танытуға дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Сюжетті-рөлдік ойын"Пиццерия		

	қатынас қалыптастыру. Мәдени ошақтар олардың әлеуметтік маңызы жайлы ұғымдарын бекіту. Балалардың театр, театр труппасы, театр қызметкерлері жайлы білімдерін бекіту. Театр жұмысының ұжымдық мінезін көрсету, сөйлеу мәнерін дамыту. Құрал-жабдықтар: ширма; әртүрлі театр түрлері; афишалар; билеттер; бағдарлама; костюм элементтері. Барысы. Балаларға театр	жасалғанын, пайдаланылуы жайлы айтады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат" Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа	бақшаға немесе бұтаға бекітеді (жапсырады). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар". Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының	". Мақсат-міндеттер: өз бетінше рөлдерді бөлу және рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалардың достық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды ойын барысында қоршаған өмір жайлы білімдерін кеңінен қолдануға жетелеу. Керекті-құралдар: алжапқыштар, ыдыс-аяқ жиынтығы; подносы; ас мәзірі; скатерти; орамалдар; майлықтар; азық-түлік жиынтықтары;		
--	---	--	--	---	--	--

	таңдау ұсынылады; билеттер, афишалар дайындау; көрермендердің театрға келуі; әртістердің спектакльге дайындығы; театр қызметкерлерінің сахнаны қойылымға дайындау; антракті бар спектакль. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)	тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшак", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу". Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассада сатып алады, бақылаудан өтіп, ұшаққа отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады. Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды. Ұшу кезінде жолаушылар иллюминатордан	адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды,	пиццерия. Ойын барысында балалар өз дербестіктерін көрсетеді, үстелді таңдау; ас мәзірімен танысу; тапсырысты қабылдау; тапсырысты дайындау; ас ішу; тапсырысты төлеу; үстел үстін жинау, ыдыстарды жуу. Тәрбиеші диалог кезінде, әдеп ережелерінің сақталуын реттеуі мүмкін. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)		
--	--	---	--	---	--	--

		(суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)	жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті			
--	--	---	--	--	--	--

			сезіну керек. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)			
Балалармен жеке жұмыс	Ойын-әңгіме: "Күн тәртібі және мен". Мақсат-міндеттер: монологты сөйлеуді дамыту. (сөйлеуді дамыту)	"Көңілді сан" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тура және кері санауды дамыту, кезкелген ұсынылған цифрден санай бастауды меңгерту. (математика негіздері)	"Одан кейін не?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың тәулік бөліктері, әртүрлі тәулік бөліктеріндегі балалардың әрекеттері жайлы білімдерін бекіту. (математика негіздері)	"Не-қандай?" ойын жаттығуы Мақсат-міндеттер: орман және үй жидектерін атау, сын есімді таңдау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)		
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау.					
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)					

Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)					
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)					
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"«Балаларға қандай ойыншықтар керек?" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес.	Әңгімелесу: "Ойыншықтарды өзім жинаймын".	Әңгімелесу: "Пайдалы жидектер"	Ата-аналарға ұсыным: "Балаларға не оқуға болады?"		